TORAIGHYROV UNIVERSITY

САПА САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

«Зоотехнология және ветеринария» кафедрасы 2025-2026 оқу жылы үшін

Бағыттар	Жетістіктер
1 Оқу жұмысы	2025–2026 оқу жылында кафедра бакалавриат және мағистратура білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды қамтамасыз етті.
2 Оқу-әдістемелік жұмыс	Оқу-әдістемелік жұмыс бойынша жетістіктер 108 пән бойынша оқу-әдістемелік кешендердің (ОӘК) 100 %-дық толық қамтамасыз етілуі жүзеге асырылды. Оның ішінде 61 пән қазақ тілінде, 47 пән орыс тілінде оқытылады. 2026–2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары, жұмыс оқу жоспарлары және элективті пәндер каталогтары әзірленді. Оқу-әдістемелік материалдар, тест тапсырмалары және емтихан билеттері дайындалды. «Ветеринариялық токсикология» және «Ешкі шаруашылығы, сүт, ет, жүн және түбіт өндіру технологиясы» атты оқу құралдары жарық көрді. Оқыту сапасын арттыру мақсатында 12 ашық сабақ және 13 өзара сабаққа қатысу ұйымдастырылды.
3 Ғылыми жұмыс	Селекция, генетика, қой шаруашылығы, жылқы шаруашылығы және сүтті ірі қара шаруашылығы салаларында ғылыми жобалар іске асырылды. Павлодар облысының ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына ғылыми сүйемелдеу көрсету бойынша шаруашылық келісімшарттар орындалды. Барлығы 32 ғылыми және оқу-әдістемелік материал жарияланды. Оның ішінде импакт-факторы бар журналдарда 6 мақала, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК ұсынған басылымдарда 11 мақала және халықаралық конференция материалдарында 12 мақала жарық көрді. Сонымен қатар монография, оқу-әдістемелік құрал және практикалық ұсынымдар басылып шықты.
4 СҒЗЖ	2025–2026 оқу жылында кафедраның студенттері мен магистранттары ғылыми-зерттеу жұмыстарына, республикалық конкурстарға, пәндік олимпиадаларға және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға белсенді қатысты. Негізгі жетістіктері: Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық конкурсында Малқаева М., Едилова Қ. және Поморгайло С. I және III орындарды иеленді. XVIII Республикалық пәндік олимпиадада Амиров А. мен Баярхан О. II орынға ие болды. XVII Торайғыров оқуларында Малқаева М. I орын иеленді. Студенттер мен магистранттар ғылыми мақалалар жариялап, халықаралық конференцияларға қатысты. Білім алушылар Павлодар облысының ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының базасында жүргізілген қолданбалы ғылыми зерттеулерге қатысты.

АШҒФ деканы **Ж. Уахитов**

«ЗиВ» кафедрасының меңгерушісі **Абельдинов Р. Б.**

UNITED REGISTRAR OF SYSTEMS URS ISO 9001